ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 4 шілде №7119-25-00-2/6703 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы судья А.К.Кусманова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қозғалған электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕРЛ:
«Жеңіс» Жеңіс Құдайбергенұлы Асамадин жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің, 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны жауапкер «Жеңіс» Жеңіс Құдайбергенұлы Асамадин жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Жеңіс» Жеңіс Құдайбергенұлы Асамадин мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Жеңіс» Жеңіс Құдайбергенұлы Асамадин жеке кәсіпкерін мемлекет кірісіне 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **А.К. Кусманова**

Құжатқа қол қойылған: Кусманова А. К., 07.07.2025

Заңды күшіне енген күні: 15.08.2025, судья Кусманова А. К., 15.08.2025

7119-25-3-1/6464